

Бейбіт Әліпбекұлы Мырзагелдиевтің «Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мұфтилігі мысалында)» атты тақырыптағы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы туралы ғылыми кенесшісінін

ПІКІРІ

Қазақстанда дінтандудын ғылым саласының өзіндік әдістемеге не жеке бағыты ретінде енді ғана орнығып, қалыптасып келе жатқаны мәлім. Сол себепті бұл салада әлі зерттеу нысанасына үлгермеген, қозғалмаған тың тақырыптар өте көп. Дінтандудың зерттеу объектісіне діни институттардың орны. қалыптасу тарихын және оның сабактастығын жан-жақты саралау кіреді. Міне сондай аса керекті, маңызды тақырып осы ұсынылып отырған диссертацияга арқау болып отыр. Диссертация жұмысына өзек болып отырған кезең Қазақстан тарихының отаршылдық тұсындағы дәуір елімізде Исламның өркендеген, дамыған мезгілі деп айта аламыз. Патшалық Ресей бодандығы күш ала бастаған уақытта дүниеге келген Орынбор муфтилігінің қазақ жеріндегі мұсылманшылықтың дамуында елеулі деңгейде орны болғанын мойындеймыйз. Диссертация тақырыбының өзекті тақырыпты көтеріп отырғаны да дау тудырмайды. Осы кезеңдегі басқару институтының тарихын, құрылымын, атқарған жұмыстарын, мән-маңызын зерделеу арқылы бүгінгі замандағы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылғанға дейінгі бұраланды жүріп өткен жолдары мен тарих пен қазіргінің мысалдарын салыстыра сабактастыра бағамдауға да жол ашады. ОМДС туралы осыған дейін жазылған ғылыми жұмыстар да диссертациялар барышылық, әрине. Бірақ олардың бәрі дерлік тарихи-саяси аспектідегі тарих ғылымы тұрғысынан дайындалғандықтан. діни-шариғи маселелер үстіртін сөз етумен шектелген. Бұл диссертацияның өзгешелігі де артықшылығы да -atalған дінтандушылық тұрғыдан арнайы байыпты саралауы.

Диссертацияның жаңалық тұсы осыдан көрінеді. Диссертацияда аталған құрылымның, әсіресе. Орынбор муфтиятының қазақ даласындағы шариғи сот қызметі нақты фактілермен таратыла, тарқатыла талданады. Еңбекте сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы мұсылман дін қызметкерлерінің лауызымдық ерекшеліктері мен қызметтік міндеттемелері тұңғыш мәрте жеке алынып сарапталған. Бекей ордасындағы дін Орынбор муфтилігімен байланыста жеке тарау ретінде берілуі де сонылық. Жұмыста көп материал жиналып, негізге алынған Соның ішінде архивтік күжаттарды жинау мақсатында ізденуші тұпнұсқалық мәліметтерді пайдалана алды. Ресейге іссапарға барып, аталған ОМДС-тің архивтік қорымен танысты Сондай-ак тақырыбына катысты шет елдік және отандық зерттеушілердің еңбектерін көнинен колданып, жүгіну әдебін сақтаған. Мұндай бай қайнаркөздер зерттеу тарихнамасында да кеңірек аталып өтеді. Диссертацияда бұрын ақтандық болып, сонғы жылдары айналымға косылған Ә. Бекейхан.

С.Ғылмани, т.б. тұлғалардың еңбектеріндегі тақырыпқа қатысты тұжырымдар мен мәліметтерді қосымша дереккөзі назарда ұстаган.

Диссиденттың дін саласында, оның ішінде ұзақ жылдар бойы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасында, имамдық қызмет атқарып діни үйімдердің жұмыс жүйесін практикалық тәжірибе жүзінде жақсы білуі еңбектің жазу барысында материалдың игеруге, салыстырмалы пайымдаулармен байламдар жасауға да оң ықпалын тигізгенін деп баса айтқанымыз жөн.

Б.Мырзагелдиев тақырыбын менгерді, алдына қойылған міндеттерін шешіп шықты. Диссертация, әрине, кемшиліксіз емес, соған қарамастан аяқталған, нәтижелері мен қорытынды түйіндеулері бар, практикалық тұрғыдан кәдеге жарайтын жұмыс деп айта аламыз. Сол себепті мен бұл жұмыстың қорғауға ұсынуға болады әрі ғылыми докторы атағын алуға әбден жарайды деп санаймын.

**Профессор, филология
ғылымдарының докторы**

Ш.Т. Керім



2021 жыл, 20 қыркүйек